

**"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 382 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысының әкімдігінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 489 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 ақпанда № 4728 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2019 жылғы 4 шілдедегі № 260 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 04.07.2019 № 260 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына сәйкес Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің 2013 жылғы 29 қарашадағы № 382 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережені бекіту туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3718 тіркелген, 2014 жылғы 7 қаңтарда "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ережеде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақы алуға және әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу жөніндегі учаскелік комиссиялар туралы Ереже Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі № 246 "Мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек туралы", 2005 жылғы 28 маусымдағы № 63 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Заңдарына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы", 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 "Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" бұйрықтарына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 29-ө "Учаскелік комиссиялар туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Бұйрығына сәйкес әзірленді және учаскелік комиссиялардың мәртебесі мен өкілеттігін а й қ ы н д а й д ы . " ;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
" 1 4 . К о м и с с и я :

уәкілетті органнан немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды алған күннен бастап үш жұмыс күн ішінде ұсынылған құжаттар және (немесе) атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер өтініш берушінің материалдық жағдайын тексерудің нәтижелері негізінде осы Ережедегі 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша қорытынды дайындайды және оны уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне береді;

құжаттарды алған күннен бастап екі жұмыс күн ішінде өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Ережедегі 1, 2 - қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш білдірген адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акт жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және оларды уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округтың әкіміне жібереді;".

2. "Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі*

*Б.Сапарбаев*